

Коучинг

Өтілетін күні:		Қатысушылар саны:	
Жауапты тұлға:	Мектеп үйлестірушісі Досмухамедова А.А.		
Тақырыбы	Тоқсандық жиынтық бағалаудың тапсырмаларын құрастыру		
Мақсаты	Тоқсандық жиынтық бағалау жұмыстарын құрастыру кезінде ойлау дағдыларының деңгейлерін, жетістігін көрсетуін, ойлау деңгейлерінің талдау, синтез және бағалау сияқты жоғарғы сатыларымен қоса әртүрлі тапсырмалардан тұруын есепке алу.		
Бағалау критерийлері	<p>-Тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмаларын құрастыруда нормативтік құжаттарды қолдана біледі.</p> <p>-Тоқсандық жиынтық бағалау жұмыстарын құрастыру кезінде ойлау дағдыларының деңгейлерін, жетістігін көрсетуін, ойлау деңгейлерінің талдау, синтез және бағалауды есепке алады.</p> <p>- Тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмаларын құрастырады.</p>		
Ойлау деңгейлері	Білу, түсіну, талдау, қолдану		
Ресурстар	Оқу бағдарламалары, оқу жоспарлары, 6-нұсқаулық, 5-нұсқаулық (29-бет), Тапсырманы дайындау және орындау барысында ресми интернет-сайттағы қолжетімді ресурстар (суреттер, фотосуреттер т.б) постер, маркерлер.		
Жұмыс барысы			
Тапсырма, уақыты	Үйлестіруші іс-әрекеті	Қатысушылар іс- әрекеті	Қалыптастырушы бағалау түрлері
2 мин	Психологиялық ахуал		
2 мин	Топқа бөлу «Кеңістіктегі фигураларға ұқсас заттарды тап»	3 топқа бөлінеді (Әр топтың ортасына конус, пирамида, цилиндр қойылады. Қатысушыларға осы кеңістік фигураларына ұқсас түрлі заттардың суреттері үлестіріледі.	

		Қатысушылар ұқсас суреттерді тауып топтарға бөлінеді).	
3 мин	Презентация: «Тоқсандық жиынтық бағалау үдерісі»	Тоқсандық жиынтық бағалау үдерісін еске түсіреді.	
10 мин	Жиынтық бағалауға арналған әдістемелік ұсыныстармен таныстырады. (Математика, сауат ашу, жаратылыстану т.б.)	Тоқсандық жиынтық бағалаудың тапсырмаларының құрылымымен танысады	<i>Жиынтық бағалау әдістемесі. (6-нұсқаулық).</i>
		1-топ. Математика пәні бойынша жиынтық бағалау әдістемелік ұсыныстардан тапсырмалардың құрылымымен танысады	
		2-топ. Дүниетану пәні бойынша жиынтық бағалау әдістемелік ұсыныстардан тапсырмалардың құрылымымен танысады	
		3-топ. Жаратылыстану пәні бойынша жиынтық бағалау әдістемелік ұсыныстардан тапсырмалардың құрылымымен танысады	
30 мин	Постерлер таратады.	Тоқсандық жиынтық бағалаудың тапсырмаларын құрастырады, постерге жазып түсіреді.	
		1-топ. Математика пәні бойынша тоқсандық жиынтық бағалауға арналған тапсырмаларды құрастырады.	<i>Оқу бағдарламалары; оқу жоспарлары;</i>
		2-топ. Дүниетану пәні бойынша тоқсандық жиынтық бағалауға арналған тапсырмаларды құрастырады.	<i>Жиынтық бағалау әдістемесі. (6-нұсқаулық).</i>

		3-топ. Жаратылыстану пәні бойынша тоқсандық жиынтық бағалауға арналған тапсырмаларды құрастырады.	
10 мин	«Айналмалы бекет» әдісі арқылы топтардың жұмыстарын өзара бағалату	Топтар жұмыстарымен алмасады да, тапсырмалардың дұрыс құрастырылуын тексеріп, дәлелдейді, бағалайды.	
3 мин	Рефлексия «Иық тірескен шеңбер» .	Қатысушылар шеңберге бір-бірінің иығына қолдарын салып, құшақтасқан түрде тұрып, сабақ туралы өз пікірлерін келтіреді. Коучтің де бұл шеңберден орын алғаны дұрыс.	

